

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан  
аграрлық-техникалық университеті

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ ғалымдарының библиографиясы

# Тулебаев Болатқали

Орал -2015

Жәңгір хан атындағы  
Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті  
Ғылыми кітапхана

# **Тулбаев Болатқали**

Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші

Орал - 2015

УДК: 012:636.2

ББК: 91.9:46.0

Т 82

Құраст: Кудабаета Г.А., ғылыми кітапхананың сектор жетекшісі

Шығаруға жауапты: Есенаманова А. Б., ғылыми кітапхананың директоры

Тулелбаев Болатқали : биобиблиографиялық әдебиеттер көрсеткіші / құраст.: Г. А. Кудабаета, шығ. жауапты А. Б. Есенаманова– Орал : Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2015. - 81 б.

Биобиблиографиялық көрсеткіш Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің академиялық профессоры, ауыл шаруашылық ғылымының кандидаты, доцент Болатқали Тулелбаевқа арналған.

Көрсеткіште жинақталған материалдар доцент Б. Тулелбаевтің ғылыми-педагогикалық және ұстаздық қызметі туралы қысқаша мағлұмат беріліп, өмір жолының негізгі кезеңдері атап көрсетілген. Басылып шыққан ғылыми еңбектері әр жыл көлемінде, ішінде әріптік тәртіппен орналастырылған.

Биобиблиографиялық көрсеткіш ғалымдарға, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен магистранттарына, студенттерге, кітапхана қызметкерлеріне арналады.

Биобиблиографический указатель посвящен доценту, кандидату сельскохозяйственных наук, академическому профессору Западно-Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир хана Болатқали Тулелбаеву.

Указатель содержит краткий очерк о научной, педагогической, производственной и общественной деятельности доцента Б. Тулелбаева, основные даты его жизни и деятельности. Раздел «Список научных трудов» включает все работы ученого с 1984-2014 гг. Расположены в хронологическом порядке, внутри года в алфавитном.

Указатель рассчитан на ученых и специалистов сельского хозяйства, преподавателей и магистрантов, а также студентов и библиотечных работников.

## Алғы сөз

Ұсынылып отырған көрсеткіш Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті ғалымдарының биобиблиография сериясының жалғасы болып табылады.

Көрсеткіш ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент Болатқали Тулебаевқа арналған.

Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан Республикасының Журналистер Одағының мүшесі, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің «Биотехнология, мал және балық шаруашылығы» кафедрасының доценті, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Болатқали Тулебаев ғылыми еңбектері Қазақстанда және ТМД басқа да елдерінде кеңінен танымал ірі қара малының селекциясы саласындағы белді ғалым, бірнеше монографиялардың авторы, ол әріптестерімен бірге қазақтың ақбас сиырының бір тұқым ішіндегі типінің, аңқаты іріленген және шағатай тоқал зауыттық типтерінің және екі зауыттық аталық іздерінің серіктес авторы, селекциялық жетістіктер үшін берілген 5 патенттің және 5 авторлық куәліктің иегері.

Ғалымның мал шаруашылығы соның ішінде әсіресе сүтті және етті ірі қара мал шаруашылығы саласындағы жазған көптеген ғылыми еңбектері ауыл шаруашылығы өндірісінде, мамандар, оқытушылар, докторанттар, магистранттар және студенттер арасында әдебиетке шолу жасағанда кеңінен пайдаланылуда.

Биобиблиографияда жинақталған материалдар ғалым Б. Тулебаевтың еңбек және ғылыми қызметтегі жолын қамтиды. Арнайы айдарларда Б. Т. Тулебаевтың басшылығымен қорғалған магистрлік диссертациялардың тізімі баяндалған.

«Ғылыми еңбектер» айдарында ғалымның 1984-2014 жылдар аралығындағы жазылған ғылыми еңбектерінің тізімі берілген. Ғылыми еңбектер хронологиялық тәртіппен реттелген. Көрсеткіш құрастыру барысында Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-нің ғылыми кітапханасындағы каталогтар мен картотекалар пайдаланылды.

Болатқали Тулебаев ақын ретінде екі жыр жинағымен, газеттерде басылған және елге танымал композиторлардың әндеріне жазылған өлеңдерімен оқырмандарға таныс.

Б. Т. Тулебаевтың мерзімдік баспасөздегі әдеби және публицистика саласындағы шығармаларының тізімдері де көрсеткішке енді.

Биобиблиографиялық көрсеткіш ғылыми қызметкерлерге, ауыл шаруашылық мамандарына, оқытушылар, студенттер, магистранттар және докторанттарға арналады.

Көрсеткіштегі мәліметтер 2015 жылдың қаңтар айына дейін жинақталған.

## Предисловие

Предлагаемый указатель является продолжением серии биобиблиографии ученых Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана. Указатель посвящен кандидату сельскохозяйственных наук, доценту Болаткали Тулебаеву.

Болаткали Тулебаев Почетный работник образования Республики Казахстан, член Союза Журналистов Республики Казахстан, доцент кафедры «Биотехнологии, животноводства и рыбного хозяйства» Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана.

Доцент Тулебаев Болаткали ведущий ученый в области разведения и селекции крупного рогатого скота, научные труды которого известны в Казахстане, а также в странах СНГ, автор 3 монографий, совместно с коллегами соавтор одного внутривидового типа, анкатинского укрупненного и шагатайского комолого заводских типов, двух заводских линии казахской белоголовой породы, соавтор 5 патентов и 5 авторских свидетельств за селекционные достижения в мясном скотоводстве.

Многие научные труды ученого по животноводству, а особенно по молочному и мясному скотоводству широко применяются в сельскохозяйственном производстве и используются специалистами, преподавателями, докторантами, магистрантами при подготовке кадров.

Материалы собранные в биобиблиографии охватывают путь трудовой и научной деятельности ученого Б. Тулебаева.

В разделе «Список научных трудов» приведены списки научных трудов ученого за 1984-2014 годы. Научные труды приведены в хронологическом порядке. В ходе составления указателя использованы каталоги и картотеки научной библиотеки ЗКАТУ имени Жангир хана.

В специальных разделах приведены списки магистерских диссертаций, защищенных под научным руководством доцента Б. Тулебаева.

Болаткали Тулебаев известен читателям двумя поэтическими сборниками, а также стихами написанными на музыку популярных в стране композиторов.

Биобиблиографический указатель рассчитан на специалистов сельского хозяйства, преподавателей, научных сотрудников, студентов, магистрантов, докторантов и ученых-аграриев.

Отбор материала закончен в январе 2015 года.

### **Доцент Б. Т. Тулебаевтың ғылыми, ұстаздық, өндірістік және қоғамдық қызметі туралы мәліметтер**

Болатқали Тулебаев ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент, Батыс Қазақстан аграрлық университетінің «Зоотехния» мамандығы бойынша академиялық профессоры, Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің доценті, Қазақстан Республикасының Журналистер Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері.

Тулебаев Болатқали Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданының Сулыкөл ауылдық округінің Қалдығайты ауылында 1955 жылдың 6 қаңтарында туылған.

Анасы Қалы Құлмырзақыз мектеп кітапханасының және шаруашылық тауарлары дүкенінің меңгерушісі, әкесі Төлебай Жарылғасұлы колхоздың және мектептің бухгалтері болып қызмет атқарды.

Балалық және оқушылық шағы қасиетті Қаратөбе топырағында, балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған Сулыкөл, Шөмішкөл, Төленкөл және Қалдығайты өзенінің жағасында өтті.

Шағалалы, аққулы көлдер, шағылды табанға ыстық құмдар, сағымды көкжиегіне көз жетпейтін жусанды дала, шалғынды шабындықтар, сарғалдағы мен қызғалдағы көздің жауын алатын жазғытұрғы қырдың көрінісі, жусан иісі мен жуа дәмі, жұмбағы мол жұлдызды айлы түндер, анасының бесік жыры, әжелердің ертегілері, аталары айтқан аңыздар, елге мүгедек боп оралған майдангер әкесінің соғыс туралы әңгімелері, үлкендер дауыстатып оқытатын қалың кітаптардағы ғашықтық және батырлық жырлар, кейін орыс және қазақ ақындары мен жазушыларының классикалық шығармаларымен сусындау бала Болатқалидың азамат боп қалыптасуына зор әсерін тигізді.

1961-1971 жылдары ауылда Қалдығайты орта мектебінің орыс сыныптарында, 1971-1976 жылдары Орал қаласында Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтының зооинженер факультетінде оқыды.

«Енесінен ерте айырған торайларды өсіргенде сүт алмастырғыштарды және арнайы құрғақ жем қоспаларын қолданудың экономикалық тиімділігі» тақырыбына орындалған дипломдық жұмысын» «өте жақсы» бағаға сәтті қорғады.

Мемлекеттік квалификациялық комиссия оған «Зоотехния» мамандығы бойынша «Зооинженер» квалификациясын берді.

Ол 1971-1976 жылдары Зеленов ауданының «Ульяновский» астық кеншарының зоотехнигі, Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтының дербес мал шаруашылығы кафедрасының жанында Ғылыми-зерттеу бөлімінің қой шаруашылығы бойынша аға ғылыми қызметкері, Батыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің облыстық қаржы бөлімінің облыстық мемлекеттік сақтандыру басқармасының совхоздардың, колхоздардың және кооперативтік мекемелердің мүлкін сақтандыру бөлімінде аға экономист, Батыс Қазақстан облыстық ауыл шаруашылық басқармасының мал шаруашылығындағы асылдандыру жұмыстары және малшаруашылығы бөлімдерінің зоотехнигі қызметтерін атқарды. Етті ірі қара тұқымдарын асылдандыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Кеңесінің мүшесі ретінде көп жылдар еңбек сіңірді.

Батыс Қазақстанның етті ірі қара шаруашылығын зерттеген алғашқы монографиясы 1984 жылы 3 мың дана таралыммен сол кездегі астанамыз Алматы қаласының «Қайнар» баспасынан басылып шықты. Бұл болашақ ғалымның тырнақалды қомақты ғылыми еңбегі еді. Бұл кітабы үшін 1000 рубль қаламақы (гонорар) алды, ол кезде мұндай көп ақшаны бір жылда табуға болатын еді.

Болатқали Тулебаев Батыс Қазақстан облысының етті ірі қара шаруашылығын өркендетуге, қазақтың ақбас сиырын өсіретін асыл тұқымды мал зауыттары мен шаруашылықтарына және бөлімшелеріне әдістемелік және кәсіптік жетекшілік жасады. Сол жылдары «Талов» асыл тұқымды мал зауытының, «Ілбішін», «Талдықұдық» асыл тұқымды мал шаруашылықтарының, бірқатар бөлімшелердің категориялары жоғарылап, статустары беркуіне ат салысты.

Алматыдағы Қазақтың мал шаруашылығы технологиялық ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында 1986-1988 жылдары оқыды.

1989 жылы Алматы мал дәрігерлік-зоотехникалық институтының диссертациялық Кеңесінде «Адаптивность алатауских коров разных генотипов в зависимости от уровня молочной



продуктивности» тақырыбына ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Валентин Федорович Зубрияновтың жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғады. Зерттеулерін алатау тұқымының сиырының сүтті типін өсіретін Алматы облысының Қаскелең ауданының «Каменский» және «Ақсай» асыл тұқымды мал зауыттарында жүргізді.

КССРО Министрлер Кеңесінің жанындағы жоғарғы аттестациялық комиссия 1990 жылдың 3 қаңтарында Болатқали Тулебаевтың ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты дәрежесін бекітті.

1989-1991 жылдары Алматыдағы Қазақтың мал шаруашылығы технологиялық ғылыми-зерттеу институтының сүтті сиыр селекциясы бөлімінің ғылыми қызметкері, Орал облыстық ауыл шаруашылық тәжірибе станциясының аға ғылыми қызметкері және мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болды.

1991-1995 жылдары Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтының мал шаруашылығы кафедрасының аға оқытушысы және Батыс Қазақстан аграрлық университетінің мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өңдеу технологиясы кафедрасының доценті болды.

1994 жылдың 18 мамырында Қазақстан Республикасының Министрлер Кеңесінің жанындағы жоғарғы аттестациялық комиссиясы Болатқали Тулебаевқа доцент ғылыми дәрежесін берді.

Ғылыми Кеңестің 1997 жылдың 27 ақпанындағы шешіммен Болатқали Тулебаевқа Батыс Қазақстан аграрлық университетінің «Зоотехния» мамандығы бойынша профессор академиялық дәрежесі берілді.

1999-2000 жылдары Батыс Қазақстан аграрлық және Батыс Қазақстан мемлекеттік университеттерінің профессоры, аға ғылыми қызметкері, кейін доценті болды.

Болатқали Тулебаев он жылдан астам Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің жанындағы кандидаттық диссертация қорғататын диссертациялық кеңестің мүшесі болды.

Ол университет түлектерінің 250 дипломдық жұмысына жетекшілік жасап, көпшілігін үздік және жақсы бағаға қорғатты.

Тулебаев Болатқали барлығы 400-ден аса ғылыми еңбектерді, кітаптарды, мақалаларды, оқу құралдарын жазып, баспадан шығарды. Соның ішінде ең қомақтылары: «Етті ірі қара шаруашылығы» Алматы «Қайнар» (1984 ж.), «Қазақтың ақбас сиыры» Орал (1994 ж.),

«Етті ірі қара тұқымдарын асылдандыру жұмыстары» (1996 ж.) монографиялық ғылыми кітаптары.

Екі кітабы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігінің жоғарғы білім және ғылым басқармасының шешімімен жоғарғы оқу орындарына арналған оқу құралы ретінде басып шығаруға грифпен ұсынылды. Бес оқу құралы және 20 әдістемелік нұсқаулары бар.

Болатқали Тулебаев Орал облыстық ауылшаруашылық басқармасының жанындағы асыл тұқымды мал шаруашылығын тұрақтандыру және өркендету жөніндегі ғылыми-техникалық кеңестің мүшесі ретінде саланың экономикалық тиімділігін арттыруға үлесін қосты.

Болатқали Тулебаев 1981 жылы Бүкіл Одақтық мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты жанындағы ауыл шаруашылығы мамандарының біліктілігін көтеру мектебін бітірді және малды қолдан ұрықтандырудың инструкторы біліктілігін алды. Онда Бүкіл Одақтық ауыл шаруашылық ғылымдары академиясының академиктері В. К. Милованов және А. В. Черкаев, биология ғылымдарының докторы, профессор И. Соколовская, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор А. П. Солдатов дәрістерін тындап, әлемге әйгілі ғалымдардан тәлім алды.

1990 жылы В. И. Ленин атындағы Бүкіл Одақтық ауыл шаруашылығы академиясының бір топ ғылыми қызметкерлерімен бірге «Мал өсіру және генетикасының ғылыми қызметкерлері» мамандығы бойынша К. И. Скрябин атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Москва ветеринарлық академиясының біліктілік көтеру факультетін бітірді.

Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің жанындағы «Компьютерлік технологияның негіздері» курсының және Америка Құрама Штаттарының экономикалық білім жөніндегі Ұлттық Кеңесі қаржыландырған экономиканың оқытушыларына арналған старттық семинарлардың бірнеше мәрте сертификаттарын алды. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігінің қаржыландыруымен және Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің оқытушыларының қолдауымен «БҚМУ студенттерінің Кәсіподағы» қоғамдық ұйымы ұйымдастырған менеджмент, маркетинг және кәсіпкерлік негіздері жөніндегі семинар-тренингке белсенді қатысып сертификатына ие болды.

Тулбаев Болатқали ауыл шаруашылығы өндірісінде, облыстық басқарма жүйесінде, республикалық және облыстық деңгейдегі ғылыми-зерттеу мекемелерінде, аграрлық, мемлекеттік және аграрлық-техникалық университеттерде қызмет жасап, өндірісті, ғылымды және білім беруді ұштастырған маман, ғалым және ұстаз ретінде танылды.

Ол алты жыл зоотехния, кейін ветеринариялық медицина және санитария факультетінің әдістемелік бюросының төрағасы қызметін атқарғанда көп сатылы оқу жүйесін енгізуге ат салысты.

Соңғы жылдары биылғы оқу жылына дейін Ветеринариялық медицина және биотехнология факультетінің әдістемелік бюро мүшесі болды.

Ғалым Б. Тулбаев ғылым мен өндірістің байланысын күшейту бағытында «Чапаев» ЖАҚ-ы, «Ілбішін» ЖШС-і, «Шунайбеков», «А. С. Матевосян», «Сәбит», «Гурсаев», «Арай», «Есет», «Әлем», «Аманер», «Әсем» шаруа қожалықтарында қазақтың ақбас сиырын және Орал ауыл шаруашылық тәжірибе станциясында үшін геррефорд тұқымының, «Валентина» шаруа қожалығындағы ресейлік қызыл-ала тұқымын асылдандыру-селекциялық перспективалық жоспарларын жасады.

Оның мақалалары Астана, Қостанай, Алматы, Москва, Бішкек, Баку, Элиста және тағы басқа қалаларда, «Сельскохозяйственная биология», «Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана», «Жаршы», «Ізденіс-Поиск», «Вестник Западно-Казахстанского государственного университета», «Ғылым және білім», «Вестник образования. Білім жаршысы» журналдары мен көптеген ғылыми жинақтарда басылды.

Б. Т. Тулбаев Батыс Қазақстан облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының жанындағы асыл тұқымды мал шаруашылығын тұрақтандыру және өркендету жөніндегі Ғылыми-техникалық Кеңестің мүшесі, Етті ірі қара тұқымдарын асылдандыру жөніндегі республикалық Кеңестің мүшесі, асыл тұқымды шаруашылықтарды аттестациялау және қайта аттестациялау жөніндегі ведомство аралық комиссиясының мүшесі ретінде мал асылдандыру ісіне үлкен үлес қосты.

Тулбаев Б. Т. отыз жылға жуық уақыт ішінде мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын тақырыптар бойынша келесі тақырыптарда сүтті және етті ірі қара шаруашылығы саласында ауқымды ғылыми жұмыстармен шұғылданды: «Қазақстанның

оңтүстік-шығысында қоңыр ірі қараның мол өнімді табындарын құру» (тақырыптың орындаушысы), «Қазақстанда қызыл-ала ірі қараның мол өнімді табындарын құру» (тақырыптың жетекшісі және жауапты орындаушысы), «ОАШТС-да ірі қараның геррефорд тұқымының мол өнімді табындарын құру» (тақырыптың жетекшісі және жауапты орындаушысы), «ОАШТС-да ірі қараның қазақтың ақбас тұқымының мол өнімді табындарын құру» (тақырыптың жетекшісі және жауапты орындаушысы), «Қазақтың ақбас тұқымының селекциясының тиімді әдістерін жасау» (тақырыптың орындаушысы). Кең ауқымды селекция бағдарламасы бойынша Батыс Қазақстанның кейбір шаруашылықтарын ғылыми қамтуға қатысты.

Түлебаев Б. Т. қазақтың ақбас сиырының Батыс Қазақстандық тұқым ішіндегі типінің (селекциялық жетістіктің № 110 патенті, № 334 авторлық куәлік), Майлан 13851 (селекциялық жетістіктің № 109 патенті, № 324 авторлық куәлік) және Коппертон 150 к (селекциялық жетістіктің № 111 патенті № 343 авторлық куәлік 29.06.2010 жылғы) жаңа аталық іздерінің, қазақтың ақбас сиырының аңқаты іріленген типінің (№ 277 селекциялық жетістіктің патенті, № 1179 авторлық куәлік 25.04.2011 ж.), қазақтың ақбас сиырының шағатай тоқал типінің (№ 276 селекциялық жетістіктің патенті, № 1163 авторлық куәлік 25.04.2011 ж.) авторларының бірі.

Түлебаев Б. Т. 10 жылдан астам уақыт Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті жанындағы кандидаттық диссертациялаш қорғалатын кеңестің, Батыс Қазақстан облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының жанындағы асыл тұқымды мал шаруашылығын тұрақтандыру және өркендету бойынша ғылыми-техникалық кеңестің және етті ірі қара тұқымдарын асылдару бойынша республикалық кеңестің мүшесі міндеттерін атқарды.

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігінің, Батыс Қазақстан облыстық, аумақтық басқармасының бастығының және Батыс Қазақстан облыстық, ауыл шаруашылық басқармасының бастығының бірлескен бұйрықтары бойынша Түлебаев Болаткали бірнеше жыл қатарынан асыл тұқымды шаруашылықтарды аттестациялау және қайта аттестациялау бойынша республикалық ведомство аралық эксперттік (сараптау) комиссиясының мүшесі болды.

Талай жыл ірі қара бонитировкасы бойынша облыстық және ауданаралық семинарлар өткізуге қатысты, селекциялық-

асылдандыру жұмыстары бойынша ұсыныстар жасады және шаруашылықтарға енгізді, бүкілодақтық, республикалық конференцияларда және съездерде ғылыми баяндамалар жасады.

Оның жетекшілігімен университеттің 250 түлектері дипломдық жұмыстарын орындады және сәтті қорғады.

Ғалым Б. Т. Тулебаевтың жетекшілігімен 4 магистрант «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша магистерлік диссертацияларын сәтті қорғады және ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алды.

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрлері Мутаев К. М., Батыргалиев Е. А., Шарипова Э. К. және Крамсакова Н. Н. Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданының «Ақас» шаруа қожалығындағы ірі қараның голштин тұқымды сиырларының сүт өнімділігін молайту, Орал құс фабрикасындағы тауықтардың «Родонит-3» және «Хайсекс Браун» кросстарының жұмыртқа өнімділігін жоғарылату, сонымен қатар Ақтөбе облысының Алға ауданының Бестамақ малшаруашылығы кешеніндегі шошқалардың екі және үш тұқымдық (ірі ақ х дүрок х ландрас) гибридтерінің торайларын өсіру мен мегежіндерін қолданудың тиімділігін артыруға бағытталған проблемаларды зерттеулерімен шешіп, нәтижелерін өндіріске енгізді. Ғалым Б. Т. Тулебаевтың ірі қара шаруашылығы, шошқа шаруашылығы және құс шаруашылығы бағытындағы ғылыми мектебі осылай келешегі зор, ізденімпаз жас ғалымдардың тобымен толықты.

Доцент Болатқали Тулебаев әр жылдарда келесі пәндерден: «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы», «Ғылыми зерттеулер негіздері», «Құс шаруашылығы, құс өнімдерін өндіру технологиясы», «Шошқа шаруашылығы, шошқа етін өндіру технологиясы», «Ірі қара шаруашылығы, сүт пен ет өндіру технологиясы», «Ешкі шаруашылығы, түбіт, жүн, сүтпен ет өндіру технологиясы», «Бөдене және түйеқұс шаруашылығы», «Шошқа шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы», «Құс шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы», «Арнайы пәндерді оқытудың әдістемесі», «Тоғандағы және өзендегі балық шаруашылығы», «Ихтиогеография», «Балық шаруашылығындағы селекция және асылдандыру жұмыстары», «Шошқа селекциясы және биотехнологиясы», «Құс селекциясы және биотехнологиясы», «Ірі қараның селекциясы және биотехнологиясы», «Зоотехния», «Мал

шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы», «Ихтиология және өнеркәсіптік балық аулау», «Балық шаруашылығы» мамандықтарының студенттері мен магистранттарына сабақ берді.

Орал облыстық Мемлекеттік сақтандыру басқармасының бастығының Құрмет грамотасымен, «ХІ бесжылдықтың озаты» төс белгісімен, Ветеринариялық медицина және биотехнология факультетінің Құрмет грамотасымен, Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректорының Құрмет грамотасымен, 2 мәрте Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ректорының Құрмет грамотасымен, 2 мәрте Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ректорының алғыс хатымен, Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректорының алғыс хатымен, Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің «Қазақстан Республикасының құрметті қызметкері» төс белгісімен ( 2006 ж.), Орал қаласының әкімі Алтай Көлгіновтың Құрмет грамотасымен, 2009-2010 оқу жылы тәрбие, сабақтан тыс және қоғамдық жұмыстар бойынша университетте 3-ші орын алғаны үшін Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің сертификатымен, «БҚАТУ 45 жыл» мерейтойлық төс белгісімен, «Жәңгір хан атындағы БҚАТУ 50 жыл» мерейтойлық медалімен, «Д. А. Қонаевқа 100 жыл» мерейтойлық медалімен, «Жәңгір хан атындағы БҚАТУ ардагері» медалімен марапатталды.

Болатқали Тулебаевтың өлеңдері аудандық, облыстық және Республикалық басылымдарда жарияланған. Болатқалидың ақындық қасиетінің қалыптасуына аяулы анасы Қалы Құлмырзақыз зор ықпал тигізді.

Б. Т. Тулебаев Қазақстан Республикасының Журналистер Одағының мүшесі, қазақ және орыс тілдерінде көсемсөздік мақалалар жазады. Оның мақалалары «Орал өңірі», «Приуралье», «Жайық үні», «Пульс», «Ар-намыс», «Ұстаздар үні», «Еділ-Жайық», «ИнформБиржа», «Таза-Пресс», «Жайық дәрігері», «Жайық жастары», «Жайық ардагері», «Әділет», «Еңбек туы», «Қаратөбе өңірі», «Еңбек таңы», «За сельскохозяйственные кадры», «Өркен», «Заңғар» және тағы басқа газеттерде, «Орал. Шамшырақ» журналында жарық көрген. Ақын және жорналшы ретінде ол «Жыр дәптері», «Ой дода», «Прямая речь», «Бізбен бірге», «Қайырлы таң», «Ән-думан» бағдарламаларының телекөрсетілімдеріне жиі қатысты.

Болатқали Тулебаевтің ақындығын оқырман мойындаған, ол «Сүйем сені» және «Бақыт құсы» жыр жинақтарының авторы, оның өлеңдері аудандық, қалалық, облыстық және Республикалық басылымдарда жиі басылып жүр. Жастар әсіресе, оның махаббат лирикасын сүйіп оқиды.

Болатқали Тулебаевтің өлеңдеріне талантты және елге белгілі композиторлар оншақты ән жазған: «Ардагерлер», «Толғанай», «Наурыз» (музыкасы композитор Арона Хасановтікі), «Сен ғана», «Махаббат-әнім», «Қаратөбе вальсы», «Жайығым ерке өзенім», (музыкасы «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, Ғарифолла Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясының Дәулеткерей атындағы ұлттық аспаптар оркестрінің бас дирижері және көркемдік жетекшісі, «Орал сазы» және «Бапас сазы» фольклорлық ансамбльдерінің көркемдік жетекшісі, композитор Еркін Нұрұмбетовтікі), «Асыл анам», «Сәулем-ай», «Күндер-ай сол», «Димекен», «Қаздар қайтқанда немесе соңғы ән» (музыкасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының халық әртісі, Алматы консерваториясының профессоры, Құрманғазы атындағы Қазақтың ұлттық аспаптар оркестрінің домбырашысы болған, композитор марқұм Тұяқберді Шамеловтікі), «Алтын ай» (музыкасы «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының композиторлар Одағының Батыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы белгілі композитор және әнші Донеділ Қажымовтікі), «Елбасы» (музыкасы халықаралық және Республикалық конкурстардың жеңімпазы, талантты композитор Жаскелен Ғайсағалиевтікі), «Астана» (музыкасы белгілі суретші әрі композитор Қуандық Мәдірдікі), «Гүлжаным» (музыкасы белгілі ақтөбелік композитор Гүлжан Айтқұлованікі) және басқалары.

Болатқали Тулебаевтің өлеңіне жазылған бұл әндерді Ғарифолла Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясының әртістері, белгілі әншілер Дастан Есентеміров, Ернар Өмірәлі, Дария Бақытова, Майра Хайдарова, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, әнші Қатимолла Бердіғалиев, ерлі-зайыпты Қуаныш Қисметов және Раушан Қуанышалиева, Хасановтардың жанұялық «Толғанай» вокальды-аспаптық ансамблі, Атырау облыстық филармониясының хоры және басқалар орындап жүр. Бұл әндер Астанадағы Конгресс-холл, Елбасы

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Президенттік Орталығының концерт залында, Ғарифолла Құрманғалиев атындағы облыстық филармонияның үлкен және кіші залдарының, Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театрының, А. Н. Островский атындағы Батыс Қазақстан облыстық орыс драма театрының, Атырау облыстық драма театры мен филармониясының, Махамбеттің мәдениет сарайының және басқа да үлкенді-кішілі сахналарында шырқалып, көрермен жүрегіне жол тауып, көңілдерінен шықты.

Ол көп қырлы қабілеттерімен маман, ғалым, ұстаз, сарапшы, журналист, ақын және ән мәтіндерінің авторы ретінде танымал. Оның өндірістік, ғалымдық, ұстаздық, тәлімгерлік, журналистік, ақындық және қоғамдық қызметі қарапайым қазақ азаматына тән, ұштасып жатқан қасиеттер.

Ақындығы анадан туа біткен қасиетіне, еңбектену қабілетіне және шығармашылық шабытына байланысты болса керек. Шығармашылық сыры да, жұмбағы мол құбылыс. Бір сырлы азаматтың, сегіз қырлы қабілет иесі екенін екінің біреуі білсе, біреу білмеуі мүмкін.

Студент болып табалдырығынан аттап, кейін ғалым және ұстаз ретінде еңбек еткен Болатқали Тулебаевтің отыз жылдан астам өмірі өзі білім алған аграрлық-техникалық университетімен тығыз байланыста болды.

Алпысты алқымдаған ұлағатты ұстаз, ізденімпаз ғалым, шабытты ақын әрі қаламы жүйрік журналист ретінде де елімізге танымал тұлға. Алпыс жас – тойланатын да, ойланатын да, адамның еңбек жолын шолып еліне есеп беретін де жасы.

### **Очерк о научной, педагогической, производственной и общественной деятельности доцента Б. Т. Тулебаева**

Болатқали Тулебаев кандидат сельскохозяйственных наук, доцент, академический профессор ЗКАУ, доцент кафедры «Биотехнологии, животноводства и рыбного хозяйства» Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана, Почетный работник образования Республики Казахстан, член Союза Журналистов Республики Казахстан.

Болатқали Тулебаевич Тулебаев родился 6 января 1955 года в ауле Калдыгайта, Сулыкольского сельского совета Каратобинского района Западно-Казахстанской области. Мать Қалы Құлмырзақызы



работала заведующей школьной библиотеки, а потом заведующей хозяйственного магазина, отец Толебай Жарылгасұлы – бухгалтером школы.

В 1971 году закончил Калдыгайтинскую среднюю школу. В 1971-1976 годы учился на зооинженерном факультете Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института.

В 1976 году на «отлично» защитил дипломную работу на тему: «Эффективность разработки и применения специальных комбикормов и сухих кормосмесей для поросят раннего отъема». Государственная квалификационная комиссия присвоила ему квалификацию «Зооинженер» по специальности «Зоотехния».

1976-1985 годы работал зоотехником Ульяновского зерносовхоза, старшим научным сотрудником по овцеводству научно-исследовательского сектора Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института при кафедре частного животноводства, старшим экономистом по страхованию имущества колхозов, совхозов и кооперативных организаций областного управления Госстраха областного финансового отдела Западно-Казахстанского облисполкома, зоотехником отдела по племенному делу в животноводстве и отдела животноводства Уральского областного управления сельского хозяйства.

В 1981 году окончил школу повышения квалификации специалистов сельского хозяйства при Всесоюзном научно-исследовательском институте животноводства (Московская область, Подольский район). Где слушал лекции всемирно известных ученых в области иммунобиологии, генетики, селекции, разведения, воспроизводства, искусственного осеменения и трансплантации сельскохозяйственных животных академики ВАСХНИЛ В. К. Милованова и А. В. Черкаева, профессоров И. А. Соколовской и А. П. Солдатова.

В 1984 году опубликовал в издательстве «Кайнар» в г. Алматы монографию «Мясное скотоводство Западного Казахстана» на казахском языке, которая была первой вышедшей в свет научной работой молодого ученого.

В 1986-1988 годы аспирант очной аспирантуры Казахского научно-исследовательского технологического института животноводства в столице Казахстана городе Алматы.

В 1989 году в г. Алматы на диссертационном совете Алматинского зооветеринарного института защитил кандидатскую

диссертацию на тему: «Адаптивность алатауских коров разных генотипов в зависимости от уровня молочной продуктивности».

В 1990 году ВАК при Совете Министров СССР (г. Москва) присвоил Тулебаеву Б. Т. ученую степень кандидата сельскохозяйственных наук.

В 1990 году в г. Москве он закончил факультет повышения квалификации Московской ветеринарной академии имени К. И. Скрябина по специальности «Научные сотрудники по разведению и генетике сельскохозяйственных животных».

В 1989-1991 годы работал старшим научным сотрудником отдела селекции молочного скота Казахского научно-исследовательского технологического института животноводства г. Алматы.

Молодой ученый в республиканском научно-исследовательском институте работал вместе с ведущими учеными Казахстана, с доктором сельскохозяйственных наук, академиком Всесоюзной академии сельскохозяйственных наук, профессором Вернигор Виктором Андреевичем, с автором алатауской породы крупного рогатого скота, доктором сельскохозяйственных наук, профессором Пак Давидом Николаевичем, со своим научным руководителем и наставником, известным в Казахстане и за ее пределами ученым, выдающимся селекционером, автором многочисленных монографий, заведующим отделом селекции и разведения молочного скота, доктором сельскохозяйственных наук, профессором Зубрияновым Валентином Федоровичем.

Тесное, плодотворное сотрудничество с другими видными учеными лаборатории биохимии Казахского научно-исследовательского института Ветеринарии, лаборатории иммунологии Института экспериментальной биологии национальной академии наук Казахстана, кафедр Алматинского зооветеринарного института, сотрудниками Вычислительного центра ВО ВАСХНИЛ оказало влияние на формирование у молодого ученого исследовательских навыков, способностей к постановке и решению научных проблем, достижению комплексности и системности при постановке экспериментов, анализов, литературному оформлению и внедрению результатов исследований в производство.

Результаты его научных исследований начали печататься в ведущих научных журналах и сборниках статей в столице СССР в г.

Москве. Работал старшим научным сотрудником и заведующим отделом животноводства Уральской областной сельскохозяйственной опытной станции, где проводил исследования по совершенствованию племенных и продуктивных качеств животных герефордской, казахской белоголовой, симментальской и черно-пестрой пород крупного рогатого скота, а так же технологии производства молока и говядины.

В 1991-2002 годы работал старшим преподавателем кафедры частного животноводства, доцентом, профессором, старшим научным сотрудником кафедры технологии производства и переработки продуктов животноводства Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института, Западно-Казахстанского аграрного и Западно-Казахстанского государственного университетов, Западно-Казахстанского аграрно-технического университетов имени Жангир хана.

ВАК при Кабинете Министров Республики Казахстан 18 мая 1994 года Тулебаеву Б. Т. присвоил ученое звание доцента. Ученый Совет Западно-Казахстанского аграрного университета 27 февраля 1997 года присвоил Тулебаеву Б. Т. академическое звание профессора по специальности «Зоотехния».

Были изданы монографии «Казахский белоголовый скот» (1994 г.), «Племенная работа в мясном скотоводстве» (1996 г.).

Тулебаев Б. Т. автор 5 учебных пособий, из них 2 учебных пособия изданы с грифом Главного управления высшего образования и науки Республики Казахстан.

2004 году в книге «Система ведения сельского хозяйства Западно-Казахстанской области» (Уральск : Полиграфсервис, 2004 г.) Тулебаев Б. написал три крупных раздела: «Молочное скотоводство», «Свиноводство» и «Птицеводство».

Учёный Тулебаев Б. Т. опубликовал свыше 400 печатных научных, научно-популярных, публицистических и литературных работ: статей, книг, рекомендаций и брошюр.

Тулебаев Б. Т. проводил большую научную работу, в течении многих лет был исполнителем госбюджетной тематики по молочному и мясному скотоводству по темам: «Создание высокопродуктивных стад бурого типа крупного рогатого скота на юго-востоке Казахстана», «Создание высокопродуктивных стад красно-пестрого типа крупного рогатого скота в Казахстане» (руководитель и ответственный исполнитель темы), «Создание высокопродуктивного

стада герефордской породы крупного рогатого скота в УСХОС» (руководитель и ответственный исполнитель темы), «Создание высокопродуктивного стада казахской белоголовой породы крупного рогатого скота в УСХОС» (руководитель и ответственный исполнитель темы), «Разработка эффективных приемов селекции казахской белоголовой породы» (исполнитель темы). Участвовал в научном сопровождении программы крупно-масштабная селекция (КМС) в некоторых хозяйствах Западного Казахстана (исполнитель темы).

Тулєбаев Б. Т. соавтор нового внутривидового заводского типа казахской белоголовой породы крупного рогатого скота (Патент № 110 на селекционное достижение, авторское свидетельство № 334), новых заводских линий животных казахской белоголовой породы крупного рогатого скота Майлана 13851 (Патент № 109 на селекционное достижение, авторское свидетельство № 324) и Коппертона 150 к (Патент № 111 на селекционное достижение, авторское свидетельство № 343) от 29.06.2010 г., анкатинского укрупненного типа казахской белоголовой породы (Патент № 277 на селекционное достижение, авторское свидетельство №1179) от 25.04.2011г., шагатайского комолого типа казахской белоголовой породы (Патент № 276 на селекционное достижение, авторское свидетельство №1163) от 25.04.2011г.).

Тулєбаев Б. Т. на протяжении 10 лет был членом диссертационного совета по защите кандидатских диссертаций при Западно-Казахстанском аграрно-техническом университете имени Жангир хана, членом научно-технического совета по стабилизации и развитию племенного животноводства при Западно-Казахстанском областном управлении сельского хозяйства и республиканского совета по племенной работе с мясными породами.

Совместным приказом начальника Западно-Казахстанского областного территориального управления Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан и начальника Западно-Казахстанского областного департамента сельского хозяйства Тулєбаев Болаткали несколько лет подряд назначался членом республиканской межведомственной экспертной комиссии по аттестации и переаттестации племенных хозяйств.

Принимал участие в разные годы в проведении областных и межрайонных семинаров по бонитировке крупного рогатого скота, проводил занятия на учебных курсах для специалистов

животноводства, разрабатывал и внедрял в хозяйства ряд рекомендаций по улучшению селекционно-племенной работы в скотоводстве, выступал с научными докладами на всесоюзных, республиканских, международных и областных научных конференциях и съездах.

Под его руководством выполнены и успешно защищены более 250 дипломных работ выпускников университета.

Доцент Тулебаев Б. Т. подготовил 4-х магистрантов, которые успешно защитили магистерские диссертации и получили академическую степень магистра сельскохозяйственных наук, по специальности: «Технология производства продуктов животноводства».

Магистры сельскохозяйственных наук Мутаев К. М., Батыргалиев Е. А., Шарипова Э. К. и Крамсакова Н. Н. защитили диссертации направленные на решение актуальных проблем по повышению молочной продуктивности коров голштинской породы в крестьянском хозяйстве «Акас» Теректинского района, яичной продуктивности кур кроссов «Родонит-3» и «Хайсекс браун» Уральской птицефабрики Западно-Казахстанской области, а также эффективности выращивания поросят и использования свиноматок двух и трехпородных гибридов свиней (крупная белая х ландрас х дюрок ) в Бештамакском животноводческом комплексе Алгинского района Актюбинской области. Научная школа Тулебаева Б. Т. по свиноводству, яичному птицеводству, молочному и мясному скотоводству пополнились молодыми перспективными учеными.

Его статьи публиковались в городах Алматы, Москва, Бишкек, Баку, Элиста, в научных сборниках Западно-Казахстанского сельскохозяйственного и Алматинского зооветеринарного институтов, Казахского научно-исследовательского технологического института животноводства, Российского научно-исследовательского института племенного дела, Всесоюзной академии сельскохозяйственных наук имени Ленина, Западно-Казахстанского аграрно-технического и Западно-Казахстанского государственного университетов, Западно-Казахстанского института управления и права, в журналах «Сельскохозяйственная биология», «Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана», «Жаршы», «Ізденіс-Поиск», «Вестник Западно-Казахстанского государственного университета». Он закончил несколько стартовых семинаров учителей экономики, финансируемых Национальным Советом

Соединенных Штатов Америки по экономическому образованию, стартовый семинар-тренинг по менеджменту, маркетингу и основам предпринимательства, финансируемый Министерством культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан, организованный ОО «Профсоюз Студентов ЗКГУ» при поддержке преподавателей ЗКГУ и получил сертификаты.

В разные годы проводил занятия по следующим дисциплинам: «Основы научных исследований», «Птицеводство, технология производства птицеводческой продукции», «Свиноводство, технология производства свинины», «Скотоводство, технология производства молока и говядины», «Козоводство, технология производства пуха, шерсти, молока и мяса коз», «Перепеловодство и страусоводство», «Технология производства и переработки продукции свиноводства», «Технология производства и переработки продукции птицеводства», «Методика преподавания специальных дисциплин», «Прудовое и озерное рыбоводство», «Ихтиогеография», «Селекция и племенная работа в рыбоводстве». «Селекция и биотехнология свиней», «Селекция и биотехнология птиц», «Селекция и биотехнология крупного рогатого скота» по специальностям: «Зотехния», «Технология производства продуктов животноводства», «Ихтиология и промышленное рыбоводство».

Награжден почетной грамотой начальника Уральского областного управления Госсстраха, нагрудным знаком «Ударник XI пятилетки», Почетной грамотой декана ветеринарной медицины и биотехнологии, Почетной Грамотой ректора Западно-Казахстанского государственного университета, 2 раза Почетными грамотами ректора Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана, 2 раза благодарственными письмами ректора Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана, благодарственным письмом ректора Западно-Казахстанского государственного университета, нагрудным знаком Министерства образования и науки Республики Казахстан, «Почетный работник образования Республики Казахстан» (2006 г.), Почетной грамотой акима города Уральска Алтая Кульгинова, сертификатом за занятие 3-места по воспитательной, внеурочной и общественной работе по итогам 2009-2010 учебного года, нагрудным знаком «45 лет ЗКАТУ», юбилейной медалью «100 лет Д. А. Кунаеву», «50 лет ЗКАТУ им. Жангир хана», медалью «Ветеран ЗКАТУ им. Жангир хана».

Болаткали Тулебаев является членом Союза журналистов Республики Казахстан. Его стихи печатаются в республиканских, областных и районных печатных изданиях. Выпустил два сборника стихов «Сүйем сені» и «Бақыт құсы». Молодежи сильно полюбились его лирические стихотворения о любви. Многие из них стали песнями и звучат во многих концертных залах Казахстана.

Болаткали Тулебаев разносторонняя личность, ученый и лирик, его кредо: Өнер - ағып жатқан бұлақ,

Ілім - жанып тұрған шырақ.

Искусство - живой ручей,

наука - яркий светильник.

### **Доцент Б. Т. Тулебаевтың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері**

- 1955** 1955 жылдың 6 қаңтарында Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы Сулыкөл ауылдық округінің Қалдығайты ауылында туылған.
- 1971-1976** Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының зооинженер факультетінің студенті.
- 1976-1977** Батыс Қазақстан облысының Зеленов ауданының «Ульяновский» астық совхозының зоотехнигі.
- 1977-1979** Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының Ғылыми-зерттеу бөлімінің «Мал шаруашылығы салалары» кафедрасындағы қой шаруашылығы бойынша аға ғылыми қызметкері.
- 1979-1980** Орал облыстық Мемлекеттік сақтандыру басқармасының совхоздар, колхоздар және кооперативтік ұжымдардың мүліктерін сақтандыру бөлімінің аға экономисі.
- 1980-1985** Орал облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мал асылдандыру ісі және мал шаруашылығы бөлімдерінің зоотехнигі.
- 1984** 1984 жылы астанамыз Алматы қаласында «Қайнар» Қайнар баспасынан «Етті ірі қара шаруашылығы» монографиясы басылып шықты.
- 1985** «ХІ бесжылдықтың озаты» төс белгісімен марапатталды.

- 1985-1989** 06.02.01. - «Ауыл шаруашылық малдарын өсіру, генетикасы, асылдандыру және көбейту» мамандығы бойынша Алматы қаласындағы Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу технологиялық институтының аспиранты.
- 1989** Алматы зоотехникалық-ветеринариялық институтының мамандандырылған диссертациялық кеңесінде ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты дәрежесін алуға ізденген диссертациясын сәтті қорғады.
- 1989-1990** Алматы қаласындағы Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу технологиялық институтының сүтті ірі қара мал селекциясы бөлімінің аға ғылыми қызметкері.
- 1990** 1990 жылдың 3 қаңтарында КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы Жоғары аттестациялық комиссия ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін бекітті. Ғылым кандидатының дипломы. СХ № 012667. Москва қаласы. 3 қаңтар 1990 жыл.
- 1990-1991** Орал облыстық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясының Мал шаруашылығы бөлімінің аға ғылыми қызметкері және бөлім меңгерушісі м. а.
- 1991-1999** Мал шаруашылығы салалары кафедрасының аға оқытушысы, кейін Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және тауартану кафедрасының доценті.
- 1994** Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссияның 1994 жылдың 18 мамырындағы шешімімен (№ 8 хаттама) «Зоотехния» мамандығы бойынша доцент ғылыми атағы берілді.
- 1997** Қазақстан Республикасы Білім министрлігі, Батыс Қазақстан аграрлық университеті Ғылыми Кеңесінің 1997 жылдың 27 ақпандағы шешімімен «Зоотехния» мамандығы бойынша профессор академиялық атағы берілді.
- 1999-2000** Батыс Қазақстан аграрлық университетінің Ауыл шаруашылығы өнімдерінің тауартануы,



- стандарттауы және сертификаттауы департаментінің профессоры.
- 2000-2001** Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Ауыл шаруашылығы өнімдерінің тауартануы, стандарттауы және сертификаттауы кафедрасының профессоры.
- 2001-2002** Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Ауыл шаруашылығы өнімдерінің тауартануы, стандарттауы және сертификаттауы кафедрасының доценті.
- 2003** Қазақстан Республикасының Журналистер Одағының мүшесі болды.
- 2002-2004** Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы кафедрасының доценті.
- 2004** Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Биотехнология, мал және балық шаруашылығы кафедрасының доценті.
- 2006** Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері төс белгісімен марапатталды.
- 2008** «БҚАТУ 45 жыл» мерейтойлық төс белгісімен марапатталды.
- 2012** «Д. А. Қонаевқа 100 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды.
- 2013** «БҚАТУ 50 жыл» мерей тойлық медалімен марапатталды.
- 2013** «Жәңгір хан Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ардагері медалімен марапатталды.
- 2013** Орал қаласы әкімі Алтай Көлгіновтың құрмет грамотасымен марапатталды.
- 2014** Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Биотехнология, мал және балық шаруашылығы кафедрасының доценті.

## **Основные даты жизни и деятельности доцента Б. Т. Тулебаева**

- 1955** 6 января 1955 года родился в ауле Калдыгайта Сулыкольского сельского округа Каратобинского района Западно-Казахстанской области.
- 1971-1976** Студент зооинженерного факультета Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института.
- 1976-1977** Зоотехник зерносовхоза «Ульяновский» Зеленовского района Западно-Казахстанской области.
- 1977-1979** Старший научный сотрудник по овцеводству при кафедре частного животноводства Научно-исследовательского сектора Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института.
- 1979-1980** Старший экономист по страхованию имущества совхозов, колхозов и кооперативных организации Уральского областного управления Госстраха.
- 1980-1985** Зоотехник отделов по племенному делу и животноводства Уральского областного управления сельского хозяйства
- 1984** В Алма-Ате в 1984 г. в издательстве «Қайнар» издана книга - монография «Мясное скотоводство. 72 с. Тираж 3000 экземпляров.
- 1985** Награжден нагрудным знаком «Ударник XI пятилетки».
- 1985-1989** Аспирант очной аспирантуры по специальности 06.02.01. - «Разведение, селекция и воспроизводство сельскохозяйственных животных» Казахского научно-исследовательского технологического института животноводства (г. Алма-Ата).
- 1989** На специализированном диссертационном Совете ордена Трудового Красного Знамени Алма-Атинского зооветеринарного института защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата сельскохозяйственных наук.

- 1989-1990** Научный сотрудник отдела селекции молочного скота Казахского научно-исследовательского технологического института животноводства (г. Алма-Ата).
- 1990** Высшая аттестационная комиссия при Совете Министров СССР утвердила ученую степень кандидата сельскохозяйственных наук. Диплом кандидата наук СХ № 012667. (Москва 03.01.1990 г.)
- 1990-1991** Старший научный сотрудник, и. о. заведующего отдела животноводства Уральской областной сельскохозяйственной опытной станции г. Уральск.
- 1991-1999** Старший преподаватель кафедры Частного животноводства, затем доцент кафедры Технологии производства продуктов животноводства и товароведения.
- 1994** Решением Высшей аттестационной комиссии при Кабинете Министров Республики Казахстан от 18 мая 1994 года (протокол №8) присвоено ученое звание доцента по специальности «Зоотехния».
- 1997** Решением Ученого Совета Западно-Казахстанского аграрного университета Министерства образования Республики Казахстан от 27 февраля 1997 года присвоено академическое звание профессора по специальности «Зоотехния».
- 1999-2000** Профессор департамента Товароведения, стандартизации и сертификации сельскохозяйственной продукции Западно-Казахстанского аграрного университета.
- 2000-2001** Профессор кафедры Товароведения, стандартизации и сертификации сельскохозяйственной продукции Западно-Казахстанского государственного университета.
- 2001-2002** Доцент кафедры Товароведения, стандартизации и сертификации сельскохозяйственной продукции Западно-Казахстанского государственного университета.
- 2003** Член Союза Журналистов Республики Казахстан.

- 2002-2004**      Доцент кафедры Технологии производства продуктов животноводства Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана.
- 2004**            Доцент кафедры биотехнологии, животноводства и рыбного хозяйства Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана.
- 2006**            Наражден нагрудным знаком «Почетный работник образования Республики Казахстан».
- 2008**            Награжден юбилейным нагрудным знаком «45 лет ЗКАТУ».
- 2012**            Награжден юбилейной медалью «100 лет Д. А. Кунаеву».
- 2013**            Награжден юбилейной медалью «50 лет ЗКАТУ».
- 2013**            Награжден медалью «Ветеран Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана».
- 2013**            Награжден Почетной грамотой акима г. Уральска Алтая Кульгинова.
- 2014**            Доцент кафедры биотехнологии, животноводства и рыбного хозяйства Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана.

**Доцент Б. Т. Тулебаевтың ғылыми еңбектерінің тізімі**  
**Список научных трудов доцента Б. Т. Тулебаева**

**1984**

1. Мясное скотоводство. – Алма-Ата : Кайнар, 1984. – 72 с. (Соавт.: Б. Гумаров, Б. Т. Толебаева).

**1988**

2. Адаптивность коров с различным уровнем функциональной напряжённости // Первый съезд физиологов Казахстана: тез. докл. - Алма-Ата : Наука, 1988. - С. 99. (Соавт.: В. Ф. Зубриянов, Ю. Колокольцев, Д. К. Карыбаев).
3. Адаптация нетелей к использованию в условиях промышленной технологии // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. - 1988. - № 6. – С. 69-71. (Соавт.: Д. К. Карыбаев, В. И. Платунова).
4. Естественная резистентность и продуктивность алатауско- швицких помесей // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – 1988. - № 8. - С. 62-65. (Соавт.: Д. К. Карыбаев).
5. Молочная продуктивность коров с разным генотипом в связи с физиологическим состоянием организма. // Сельскохозяйственная биология. – 1988. - № 2. - С. 76-80. (Соавт.: В. Ф. Зубриянов, Д. К. Карыбаев).
